

"Павлодар" арнайы экономикалық аймағы

Орындаған: Саулетова С.Б

- «Павлодар» арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) қоса беріліп отырған жоспарға сәйкес Павлодар қаласының Солтүстік өнеркәсіп ауданының аумағында орналасқан



• Павлодар АЭА:

1) химия, мұнай-химия салаларын, атап айтқанда жоғары технологиялық экологиялық қауіпсіз қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, қосымша құны жоғары экспортқа бағдарланған өнімдер өндірісін дамыту;

2) шикізатты тереңдете өңдеу және қосымша құны жоғары бәсекеге кеңінен қабілетті өнімді шығару бойынша химия, мұнай-химия салаларын құру мен дамыту жөніндегі серпінді инвестициялық жобаларды, ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық инновациялық жобаларды әзірлеу және іске асыру;

3) өндіру мен өткізудің жалпыәлемдік жүйесіне қазақстандық өнімнің интеграциялануын жүзеге асыру, халықаралық стандарттарға сәйкес инновациялық, бәсекеге қабілетті отандық өнім жасау;

4) химия және мұнай-химия салаларында тиімділігі жоғары және инновациялық өндірістер, соның ішінде жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өндірістер құру, өнімнің жаңа түрлерін шығаруды игеру;

АЭА-ны басқару «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» 2011 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

АЭА-ның аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

•АЭА құрудың негізгі мақсаты:

- - заманауи технологияларды пайдаланумен қосымша құны жоғары экспортқа бағдарланған өнімдер өндірісі;
- - жоғары терең өңдеумен басымдықты салаларды дамыту шеңберінде серпінді инвестициялық жобаларды, ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық инновациялық жобаларды іске асыру;
- - қолайлы инвестициялық ахуалды құру, инвестициялық жобаларды іске асыру үшін отандық және шетелдік инвестицияларды тарту.



• «Павлодар» арнайы экономикалық аймағының экономикалық қызмет түрлері:

- тамақ өнімдерін өндіруді;
- сусындар шығаруды;
- темекі бұйымдарын өндіруді;
- жиһаздан басқа, ағаш және тығын бұйымдарын өндіруді; сабаннан және тоқуға арналған материалдардан жасалған бұйымдарды өндіруді;
- жазылған материалдарды басып шығаруды және тыңдатып-көрсетуді;
- жиһаздар шығаруды;
- машиналар мен жабдықтарды жөндеуді және орнатуды қоспағанда, өңдеуші өнеркәсіп.

АЭА аумағында салықтық
және кедендік
преференциялар әрекет
етеді.


- ТЭН сәйкес «Павлодар» АЭА инфрақұрылымын салу құны 21,0 млрд. теңгені құрайды, соның ішінде 3,0 млрд. теңгеге кедендік терминал, қоршау, электрмен қамтамасыз ету, техникалық су құбырының құрылысы аяқталды және тазарту қондырғысын салу жүргізілуде.

• **Қазіргі уақытта АЭА аумағында 5 жоба белсенді іске асырылу сатысында, инвестиция көлемі 40,0 млрд. теңге:**

- - «Каустик» АҚ - каустикалық сода, хлор, натрий гипохлориті мен тұз қышқылы өндірісі;
- - «Белизна» ЖШС - тұрмыстық химия өнімдерінің өндірісі;
- - «БО-НА» ЖШС - залалсыздандыру құралдарының өндірісі;
- - «УПНК-ПВ» ЖШС - қыздырылған мұнай коксының өндірісі;
- - «АгроХимПрогресс» ЖШС - агрохимия өнімдерінің өндірісі.



• «Павлодар» арнайы экономикалық аймағының жоспары



**• «Павлодар» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істеуінің
нысаналы
индикаторлары және нысаналы индикаторларға қол жеткізбеудің
дағдарысты деңгейі**

Р/с №	Мақсаттары, міндеттері және көрсеткіштері (атауы)	Өлшем бірлігі	Базалық кезең (2012 жыл)	2015 жылы Қол жеткізілетіндер, оның ішінде		2020 жылы Қол жеткізу жеткізілетіндер, оның ішінде	
				нысаналы индикатор	дағдарысты деңгей	нысаналы индикатор	дағдарысты деңгей
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Инвестициялардың жалпы көлемі, оның ішінде:	млрд. теңге	-	67,4	6	257,3	25
1.1	Шетелдік инвестициялардың көлемі	млрд. теңге	-	12,5	1,3	49,5	5
1.2.	Отандық инвестициялардың көлемі	млрд. теңге	-	54,9	5	207,8	20,2
2	АЭА аумағында тауарларды және Қызмет көрсетулерді (жұмыстарды) өндіру көлемі	млрд. теңге	-	5	1	413,2	41
3	Өңір экономикасының шикізаттық емес секторына құйылатын инвестициялардың жыл сайынғы өсімі (өңдеуші өнеркәсіп)	%	-	5	3	7	5
4	Қатысушылар саны	бірлік	-	5	3	8	5
5	АЭА аумағында құрылатын жұмыс орындарының саны	жұмыс орындары	-	500	200	1 000	450
6	АЭА аумағындағы өндірістің жалпы көлеміндегі Қазақстандық Қамту Үлесі	%	-	50	30	65	50
7	АЭА аумағындағы өндірістің	мың тонна	-	10	5	20	10

- «Павлодар» арнайы экономикалық аймағы бойынша жұмыстар 2016 жылы аяқталады.
- «Павлодар» арнайы экономикалық аймағы өркен жаюда. Бұл іске 3,5 миллиард теңге жұмсалды. Келесі жылы да осындай қаражат игерілмек. Қазіргі таңда өндірістік ғимараттарда тазарту жұмыстары жүргізілуде. Жұмыстар екі жыл ішінде тәмамдалады», - деді Қ.Бозымбаев.

• Қоршаған ортаны қорғау

- АЭА қызметін экологиялық реттеу бөлігінде жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және өмір сүру сапасын арттырудың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық аспектілерінің теңгерімі негізінде тұрақты даму және қоршаған ортаны қорғауға көшу үшін жағдай жасау арқылы табиғи ресурстарды ұтымды және тиімді пайдалануға негізделеді.

**Назарларыңызға
рахмет!**